



**БҰЙРЫҚ**

11.05.2016 № 7

Шымкент қаласы

**ПРИКАЗ**

город Шымкент

**Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратурасы жанындағы Заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Консультативтік кеңес құру туралы**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 1-тармағына сәйкес, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 2) тармақшасын, Бас Прокурорының 01.04.2016 жылғы №66 бұйрығының 6 тармағын басшылыққа ала отырып,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратурасы жанындағы заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Консультативтік кеңес (бұдан әрі - Консультативтік кеңес) құрылсын.

2. Қоса берілген:

1) Консультативтік кеңес туралы ереже;

2) Консультативтік кеңестің құрамы бекітілсін.

3. «Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратурасының жұмыс регламентін бекіту туралы» Оңтүстік Қазақстан облыс прокурорының 2015 жылғы 3 сәуірдегі №11 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратурасының жұмыс регламентіндегі бүкіл мәтін бойынша «Қоғамдық кеңес», «Қоғамдық кеңестің», «Қоғамдық кеңестердің» сөздері «Консультативтік кеңес», «Консультативтік кеңестің», «Консультативтік кеңестердің» сөздеріне ауыстырылсын.

4. «Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратураның Аппараты туралы ережені бекіту туралы» Оңтүстік Қазақстан облыс прокурорының 2014 жылғы 5 наурыз №7 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратураның Аппараты туралы ереженің 12-тармағындағы «Қоғамдық кеңестің» сөздері «Консультативтік кеңестің» сөздеріне ауыстырылсын.

5. «Оңтүстік Қазақстан облысы прокуратура органдарында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін облыс прокурорының жанындағы заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңестің мүшелерінің және прокуратура органдарының ардагерлерінің қатысуымен Қоғамдық қабылдау құру туралы» Оңтүстік Қазақстан облыс прокурорының 2015 жылғы 3 ақпандағы №7 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Атауында және бүкіл мәтін бойынша «Қоғамдық кеңестің», «Қоғамдық кеңеске» сөздері «Консультативтік кеңестің», «Консультативтік кеңеске» сөздеріне ауыстырылсын.


6. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес, Оңтүстік Қазақстан облыс прокурорының кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

7. Бұйрық Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратурасының барлық құрылымдық бөлімшелеріне, олар орындау және жұмыстарында басшылыққа алу үшін жіберілсін.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратураның Аппаратына жүктелсін.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Облыс прокуроры**



**И. Иманов**

**Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы жанындағы Заңдылықты  
қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі Консультативтік кеңес туралы  
Ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасы жанындағы Заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі консультативтік кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Оңтүстік Қазақстан облыстық прокуратурасының жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Прокуратура туралы» Заңын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеңестің шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

**2. Кеңес қызметін ұйымдастырудың мақсаттары, міндеттері және қағидаттары**

4. Кеңес қызметінің мақсаттары елімізде заңдылықтың жай-күйін арттыру, мемлекеттің құқықтық саясатын жүргізуге көмек көрсету, прокуратураның үкіметтік емес ұйымдармен және тұрғындармен өзара қатынасын дамыту және одан әрі жетілдіру болып табылады.

5. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) халықтың құқық қорғау жүйесіне деген сенімдерін арттыру, құқықтық мемлекетті дамытуда үкіметтік емес ұйымдардың рөлін арттыру;

2) прокуратура органдарының қызметін, сондай-ақ елімізде заңдылықты қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдіру бойынша ұсынымдар жасап шығару;

3) халықтың құқықтық санасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;

4) азаматтардың құқықтарын және бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-қимылды дамыту;

5) елімізде заңдылықты қамтамасыз ету саласында неғұрлым күрделі және ең өзекті мәселелерді шешуге байланысты азаматтық қоғамның бастамаларын қарау;

6) прокуратура органдары әзірлеген нормативтік құқықтық актілердің жобаларын талқылауға қатысу;

7) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету бойынша прокуратура қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;

8) прокуратура органдарының жағымды имиджін қалыптастыру болып табылады.

6. Кеңес жариялылық, еріктілік және қабылданатын шешімдерге Кеңес мүшелерінің тең жауапкершіліктері қағидатында жұмыс істейді.

Кеңес азаматтық қоғамның барлық институттарымен кең ынтымақтастық үшін ашық болады.

### **3. Кеңестің құқықтары**

7. Кеңестің:

1) елімізде заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсыныстар енгізуге;

2) елімізде заңдылықты нығайтуға прокуратура органдарының рөлін арттыруға бағытталған шаралар әзірлеуге;

3) отырыстарына түрлі ведомстволар мен ұйымдардың (олардың басшыларының келісімі бойынша), үкіметтік емес ұйымдардың және өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін шақыруға;

4) мүдделі мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен Кеңес шешімдерін іске асыру бойынша бірлескен іс-шаралар өткізуге құқығы бар.

### **4. Кеңес қызметін ұйымдастыру**

8. Кеңестің құрамын және ол туралы Ережені облыс прокуроры бекітеді.

Қажет болған кезде оның құрамына Кеңес мүшелерінің ұсынысы бойынша белгіленген тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

9. Кеңеске Төраға басшылық жасайды, оның екі орынбасары болады. Төраға және оның орынбасарлары бірінші отырыста ашық дауыспен Кеңес мүшелерінің ішінен бір жыл мерзімге сайланады.

Кеңес мүшелерінің отырысына қатысушылар санының жартысынан көбі дауыс берген кандидаттар сайланған болып есептеледі.

Төрағаны және оның орынбасарларын сайлау туралы шешім хаттамамен ресімделеді.

Төраға болмаған уақытта не оның тапсырмасы бойынша Кеңес Төрағасының функцияларын оның орынбасарларының бірі орындайды.

10. Облыс прокуратураның Аппараты Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

11. Кеңес жұмысының негізгі нысаны отырыс болып табылады.

12. Кеңестің отырыстары Кеңес Төрағасы бекіткен, жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес, жылына кемінде екі рет өткізіледі.

Жұмыс жоспары Кеңес мүшелерінің, облыс прокуратура құрылымдық бөлімшелерінің ұсыныстары негізінде жасалады және оны облыс прокурор келіседі.

Қажет болған жағдайда кезектен тыс отырыс өткізіледі. Кеңестің кезектен тыс отырысының бастамасышы Кеңес Төрағасының қарауына талқылауға арналған мәселелердің тізбесін және олар бойынша шешім жобаларын енгізеді.

13. Кеңес отырысының өткізілетін күні және күн тәртібі, онда қаралатын мәселелер туралы Кеңес мүшелеріне облыс прокуратураның Аппараты ол өткізілетін күнге дейінгі 7 күннен кешіктірмей хабарлайды.

Кеңес шешімдерінің жобалары және Кеңес отырысының күн тәртібіне егізілген мәселелер бойынша өзге де материалдар Кеңес мүшелеріне оларды Кеңес отырысында қарағанға дейінгі 5 күннен кешіктірмей жолданады.

14. Кеңестің шешімдері отырысқа қатысушы Кеңес мүшелерінің басым дауысымен жай дауыс беру арқылы қабылданады. Кеңес мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Кеңес Төрағасының даусы шешуші болып табылады.

Кеңестің шешімдеріне оның Төрағасы қол қояды.

Егер оның жұмысына Кеңес мүшелері жалпы санының жартысынан кем емес мүшесі қатысса, Кеңес отырысы заңды деп есептелед.

Кеңес мүшелері Кеңес отырысының күн тәртібіне енгізілген мәселелерді талқылаған және олар бойынша шешім қабылдаған кезде тең құқықтарға ие болады.

15. Отырысқа шақырылғандар қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға, ұсынымдар, ұсыныстар және ескертулер енгізуге құқылы.

16. Кеңес Төрағасы:

- 1) Кеңес қызметінің басым бағыттарын айқындайды;
- 2) Кеңеске жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 3) жұмыс жоспарын, отырыстың күн тәртібін, қортынды құжаттарды және қаралатын мәселелер бойынша ұсынымдарды бекітеді;
- 4) қаралатын мәселелер жөніндегі ақпараттарды жария етеді;
- 5) Кеңес шешімінің орындалуына жалпы бақылауды және Кеңестің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асырады.

17. Кеңес мүшелері:

- 1) Кеңестің Ережесіне және жұмыс жоспарына ұсыныстар енгізуге;
- 2) мемлекеттік құпия туралы заңнамамен көзделген шектеулерді ескере отырып, Бас прокуратура жүргізетін ресми іс-шараларға (алқаларға, үйлестіру кеңестеріне, кеңестерге және басқаларға) қатысуға;
- 3) талқыланатын мәселелердің мәні бойынша және күн тәртібі бойынша ұсыныстар, ескертулер және түзетулер енгізуге;
- 4) кандидатуралар ұсынуға және Кеңес құрамына сайланатын адамдардың кандидатуралары бойынша өз пікірін айтуға;
- 5) сұрақтар қоюға, анықтамалар беруге, сондай-ақ Ережеге сәйкес Кеңес мүшелеріне берілетін өзге де құқықтарды пайдалануға;
- 6) Кеңестің отырыстарына материалдар, сондай-ақ оның шешімдерінің жобаларын даярлауға қатысуға, Кеңес шешімін іске асыруға қатысуға;
- 7) Кеңес отырысына шақырылған адамдарға сұрақтар қоюға;
- 8) Кеңес отырысының хаттамаларымен және материалдарымен танысуға;
- 9) Кеңестің шешімімен келіспеген жағдайда Кеңес отырысының хаттамасына енгізілетін және осы пікір айтылған шешімге қоса берілетін жазбаша түрдегі ерекше пікір айтуға;
- 10) Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Кеңес Төрағасына жүгінуге;
- 11) кез келген уақытта Кеңес құрамынан шығуға құқылы;

18. Кеңес мүшелері:

1) Кеңес отырысының жұмысына және Кеңес откізетін өзге де іс-шараларға жеке қатысуға;

2) дәлелді себептер бойынша Кеңес отырысына қатысуы мүмкін болмаған жағдайда оның отырысы басталғанға дейін Кеңес Торағасына және облыс прокуратураның Аппаратына хабарлауға;

3) Кеңестің тапсырмасын орындауға, тәртіп және этика талаптарын сақтауға;

4) Кеңес шешімдерін іске асыруға көмек көрсетуге міндетті.

19. Кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін басқаларға ұсынуға құқығы жоқ.

Кеңес отырысына қатысуы мүмкін болмаған жағдайда Кеңес мүшесі қаралатын мәселе бойынша өз пікірін жазбаша түрде ұсынуға құқылы.

20. Облыс прокуратураның Аппараты:

1) Кеңес қызметін реттейтін құқықтық актілерді әзірлеуді;

2) Кеңестің жұмыс жоспарын, күн тәртібін және оның отырыстарына шақырылған, баяндама жасайтын адамдардың тізімін жасауды;

3) Кеңес отырысын өткізуді;

4) кезекті отырысқа құжаттарды даярлауды;

5) қортынды құжаттарды және Кеңес отырысының шешімдерін ресімдеуді;

6) Кеңес жұмысын жария ету бойынша Кеңес мүшелерімен, үкіметтік емес ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады.

21. облыс прокуратураның құрылымдық бөлімшелері Кеңес отырысына тиісті материалдарды даярлауды жүзеге асырады және оларды белгіленген мерзімдерде облыс прокуратураның Аппаратына ұсынады.

#### **5. Кеңес қызметін тоқтату**

22. Кеңес қызметі облыс прокурорының шешімі бойынша тоқтатылады.

Оңтүстік Қазақстан  
облыс прокурорының  
« » \_\_\_\_\_ 2016 жылғы  
№ бұйрығына қосымша

**Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратурасы жанындағы Заңдылықты  
қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі консультативтік кеңестің құрамы**

**Мәуленкүлов  
Жеңісбек Мәуленкүлұлы**

Облыстық ардагерлер  
төрағасы  
(келісім бойынша)

**Әлімбеков Мұрат  
Махамбетәліұлы**

Облыс прокурорының  
орынбасары

**Жамалбек Шәріпбек  
Жамалбекұлы**

ОҚО мәслихат депутаты  
(келісім бойынша)

**Дулат Әбіш Назарбекұлы**

ОҚО мәслихат депутаты  
(келісім бойынша)

**Балабиев Қайрат  
Рахымұлы**

ОҚО мәслихат депутаты  
(келісім бойынша)

**Молдасейтов Қайрат  
Күсейінұлы**

ОҚО мәслихат депутаты  
(келісім бойынша)

**Хашимжанов Икрам  
Акрамұлы**

Өзбек мәдени орталығының  
төрағасы, «Жанабий Қозоғистон»  
газет редакторының орынбасары  
(келісім бойынша)

**Лимаренко Марина  
Анатольевна**

«Южный-Казахстан» газетінің бас  
редакторы, славян мәдени  
орталығының төрайымы  
(келісім бойынша)

**Асанов Латипша  
Қаймаханұлы**

«Ахыска» түрік этно-мәдени  
орталығының төрағасы  
(келісім бойынша)

**Жазықбаева Жанетта  
Қанайқызы**

ЖИТС-пен балаларды қорғау  
қайырымдылық қоғамдық  
қорының президенті  
(келісім бойынша)

<b>Орман Анарбек Онгарұлы</b>	«Водные ресурсы маркетинг» ЖШС-нің бас директоры (келісім бойынша)
<b>Пак Роза Викторовна</b>	№45 мектеп-гимназия директоры (келісім бойынша)
<b>Бисенбаев Арунрашид</b>	Облыстық прокуратураның ардагері (келісім бойынша)
<b>Махатов Бауыржан</b>	Медициналық академия проректоры (келісім бойынша)
<b>Әбубакиров Асқар Бекдәулетұлы</b>	ОҚО кәсіпкерлік палатасы филиалының директоры (келісім бойынша)
<b>Қарабеков Ғани Ажидинұлы</b>	Облыстық кәсіподақ кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)
<b>Ницкая Елена Владимировна</b>	Заң ғылымдарының докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры (келісім бойынша)
<b>Маманова Дана Абдамитқызы</b>	«Ғаламат» қоғамдық бірлестігінің төрайымы (келісім бойынша)
<b>Бекенова Құралай Әбдуәлиқызы</b>	«Оңтүстік Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы (келісім бойынша)
<b>Дүйсебеков Береке Талғатұлы</b>	«Алтын жастар» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

**Оңтүстік Қазақстан облыс прокурорының күші жойылған бұйрықтарының  
тізбесі**

1. «Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратурасы жанындағы Заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңес құру туралы» Оңтүстік Қазақстан облыс прокурорының 2013 жылғы 1 наурыздағы №5 бұйрығы;
2. «Оңтүстік Қазақстан облыс прокуратурасы жанындағы Заңдылықты қамтамасыз ету мәселелер жөніндегі қоғамдық кеңестің құрамын бекіту туралы» Оңтүстік Қазақстан облыс прокурорының 2014 жылғы 11 маусымдағы №9 бұйрығы;
3. «Заңдылықты қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің жеке құрамына өзгерту туралы» Оңтүстік Қазақстан облыс прокурорының 2015 жылғы 3 сәуірдегі №10 бұйрығы.